



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2021 жылғы 29 тамыз

№ 126 - нж

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым
комитеті төрағасының м. а. 2018 жылғы 29 тамыздағы № 122-нж
«Ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың
іске асырылу барысына және нәтижелілігіне мониторинг жүргізу
туралы Ереже» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2018 жылғы 29 тамыздағы № 122-нж «Ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылу барысына және нәтижелілігіне мониторинг жүргізу туралы Ереже» бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын олардың орындалуы мен аяқталу сатыларында іске асыру мониторингін жүзеге асыру және оның қорытындыларын ұлттық ғылыми кеңестерге жіберу Ережесін бекіту туралы»;

бұйрыққа қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті төрағасының орынбасары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

осы бұйрық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің интернет-ресурсында орналастырылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға



Ж. Курманғалиева

Бланк сериялық нөмірсіз жарамсыз болып табылады. Жауап қайтарарда міндетті түрде біздің № және күні көрсетілу керек.
Бланк без серийного номера не действителен. При ответе обязательно ссылаться на наш № и дату.

Қазақстан Республикасы Білім
және ғылым министрлігінің
Ғылым комитеті төрағасының
2021 жылғы 23 тамыздағы
№ _____ бұйрығына Қосымша

Қазақстан Республикасы Білім
және ғылым министрлігі Ғылым
комитеті Төрағасының м. а.
2018 жылғы 29 тамыздағы
№ 122-нж бұйрығына Қосымша

**Ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың,
ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін
коммерцияландыру жобаларының олардың орындалуы мен аяқталу
сатыларында іске асырылуына мониторинг жүргізу және оның
қорытындыларын ұлттық ғылыми кеңестерге жіберу Ережесі**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларының олардың орындалуы мен аяқталу сатыларында іске асырылуына мониторинг жүргізу және оның қорытындыларын ұлттық ғылыми кеңестерге жіберу Ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы», «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» заңдары мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 мамырдағы № 519 «Ұлттық ғылыми кеңестер туралы», 2011 жылғы 1 тамыздағы № 891 «Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы», 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» қаулыларына сәйкес әзірленді және ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды, бағдарламаларды, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін (бұдан әрі – ҒҒТҚН) коммерцияландыру жобаларының іске асырылуына мониторинг жүргізуге бағытталған.

2. Осы Ережеде келесі ұғымдар қолданылады:

1) ғылым саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы салааралық үйлестіруді және басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

2) салалық уәкілетті орган – ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және тиісті салада ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

3) ұйымдастырушы – мемлекеттік бюджеттен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден қаржыландыруға ұсынылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларының олардың орындалу және аяқталу сатыларында, іске асырылуына мониторинг жүргізетін «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» акционерлік қоғамы;

4) іске асыру барысы мен нәтижелілігін мониторингтеу (бұдан әрі – мониторинг) – жобаның, бағдарламаның, ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасының, сондай-ақ уәкілетті және (немесе) салалық уәкілетті орган қаржыландыратын конкурс шеңберіндегі және конкурстық рәсімдерден тыс бағдарламалардың іске асырылу ағымдағы барысын айқындау үшін, ғылыми, қаржылық және техникалық құжаттаманың шарт талаптарына сәйкестігін тексеру арқылы, сараптама тобының қатысуымен жергілікті жерге барып, ұйымдастырушы жүзеге асыратын іс-шара;

5) ұлттық ғылыми кеңес (бұдан әрі – ҰҒК) - ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті дамыту бағыттары бойынша алқалы орган;

6) орындаушы – уәкілетті органмен немесе салалық уәкілетті органмен объектілерді гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға шарт жасасқан заңды немесе жеке тұлға және олардың бірлесіп орындаушылары;

7) ғылыми, ғылыми-техникалық жоба мен бағдарлама – болжамды ғылыми-техникалық жұмыстың мазмұнын қамтитын, жоспарланған жұмыстарды жүргізудің мақсаттары мен міндеттерін, өзектілігін, жаңалығын, ғылыми-практикалық маңыздылығы мен орындылығын негіздей отырып, ғылыми, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық, маркетингтік зерттеулерді білдіретін құжат;

8) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобасы (бұдан әрі – ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасы) – жасалған шарт негізінде табыс алуға бағытталған, нарыққа жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестер мен көрсетілетін қызметтерді шығару мақсатында зияткерлік қызмет нәтижелерін қоса алғанда, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін практикалық қолдануға байланысты қызмет;

9) шарт – аккредиттелген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі мен уәкілетті орган немесе салалық уәкілетті орган арасындағы келісім;

10) мониторинг жөніндегі менеджер (бұдан әрі – менеджер) – мониторингі, оның ішінде жергілікті жерге бару арқылы жүзеге асыруға қатысатын ұйымдастырушының жауапты қызметкері;

11) ғылыми бөлігін бағалау жөніндегі сарапшы (бұдан әрі – ғылыми сарапшы) - сараптамалық қорытынды ұсынатын, сондай-ақ тиісті біліктілігі, ғылым докторы немесе ғылым кандидаты дәрежесі, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі және мамандығы бойынша кемінде 5 (бес) жыл жұмыс өтілі бар жеке тұлға – шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес

берілген осы мемлекетте тұрақты тұру құқығына құжаты бар Қазақстан Республикасының азаматтарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, оның ішінде шетелде уақытша жүрген немесе одан тыс жерлерде Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметінде жүрген, соңғы 5 (бес) жылда Web of Science және (немесе) Scopus дерекқорына кіретін журналдарда кемінде 2 (екі) ғылыми мақаласы және (немесе) шолуы бар сарапшы.

Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласында маманданған адамдар соңғы 5 (бес) жыл ішінде Web of Science және (немесе) Scopus дерекқорына кіретін журналда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу немесе білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган ұсынған басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және (немесе) шолу жариялауға тиіс.

Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс саласында маманданатын, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын жобалармен жұмыс істеу үшін тиісті рұқсаты бар адамдарға жарияланымдарының болуы жөніндегі талаптар қолданылмайды;

12) шығындардың негізділігін бағалау бойынша сарапшы (бұдан әрі – экономикалық сарапшы) – шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген сол мемлекетте тұрақты тұру құқығына құжаты бар Қазақстан Республикасының азаматтарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, оның ішінде шетелде уақытша жүрген, «Қаржы», «Экономика», «Есеп және аудит», «Бизнес және басқару» мамандықтары бойынша жоғары білімі, сондай-ақ мамандығы бойынша кемінде он жыл жұмыс өтілі бар, бөлінген қаражатты пайдалану негізділігіне, жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестерді және көрсетілетін қызметтерді нарыққа шығарудың өзектілігіне сараптамалық баға беретін, сараптамалық қызметтер көрсетуге арналған шарт негізінде мониторингті жүзеге асыру үшін ұйымдастырушы тартатын жеке тұлға, ҒҒТҚН коммерцияландыру жобалары үшін мамандығы бойынша кемінде 5 (бес) жыл практикалық жұмыс тәжірибесі болуы тиіс;

13) шетелдік сарапшы – сараптамалық қорытынды беретін, тиісті біліктілігі, ғылым докторы немесе ғылым кандидаты дәрежесі, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі, мамандығы бойынша кемінде 5 (бес) жыл жұмыс өтілі бар жеке тұлға. Ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламаларды мониторингтеуге тартылатын шетелдік сарапшы – Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын сарапшы, сондай-ақ шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген осы мемлекетте тұрақты тұру құқығына құжаты бар, мамандығы бойынша Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі шетелдік ғылыми ұйымдарда жұмыс тәжірибесі бар, соңғы 5 (бес) жылда Web of Science халықаралық дерекқорының алғашқы екі квартиліне кіретін журналдарда кемінде төрт ғылыми мақала және (немесе) шолулар жариялаған және Web of Science және (немесе) Scopus халықаралық деректер базасына сәйкес соңғы 5 (бес) жылда кемінде бес Хирш индексі бар Қазақстан Республикасының азаматы.

Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласында маманданған адамдардың соңғы 5 (бес) жылда Web of Science дерекқорының Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index, Russian Science Citation Index және (немесе) Emerging Sources Citation Index индекстелетін және (немесе) Scopus базасында CiteScore бойынша тағайындау сәтінде кемінде 35 (отыз бес) процентиі бар журналдарда кемінде екі мақаласы және (немесе) шолуы болуға тиіс. Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласында маманданған адамдарға соңғы 5 (бес) жылда кемінде бес Хирш индексінің болуы жөніндегі талап қолданылмайды;

14) мониторинг актісі – мониторинг жүргізу қорытындылары бойынша, оның ішінде жергілікті жерге бару арқылы сараптама тобы қалыптастыратын, сараптама тобының бағаларын, ұсынымдары мен пікірлерін қамтитын құжат;

15) ұйымдастырушының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (<https://is.ncste.kz/>) (бұдан әрі – ақпараттық жүйе) – мониторинг объектілері мен субъектілерін, мониторинг бойынша актілер мен есептерді тіркеуге, оларды өңдеуге және сақтауға, олар бойынша іздеуді жүзеге асыруға, сараптамалық бағалауды жүргізуге және өтінімдер бойынша ақпарат беруге, сондай-ақ сараптама тобы мен орындаушыларға (бірлесіп орындаушыларға) құжаттарға электрондық-цифрлық қолтаңба арқылы қол қоюға мүмкіндік беретін ұйымдастырушының интернет-ресурсы, ақпараттық платформасы.

2-тарау. Мониторингті жүзеге асырудың қағидалары, мақсаттары мен міндеттері

3. Мониторинг жүргізу жүйелілік, тәуелсіздік, объективтілік, заңдылық және құзыреттілік қағидаларына негізделеді.

4. Жобаны, бағдарламаны және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасын мониторингтеудің мақсаттары:

1) орындалған жұмыстардың сәйкестігін және іске асырудың барлық кезеңінде шартқа (-тарға) сәйкес қабылданған міндеттемелер бойынша қаржыландыру қаражатын жұмсау негізділігін бағалау және талдау;

2) жобаны, бағдарламаны және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасын басқару, күнтізбелік жоспардың, техникалық ерекшеліктің орындалуын және қаржы қаражатын пайдаланудың тиімділігін бағалау;

3) жобаны, бағдарламаны және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасын іске асыру үшін орындаушының қолданылатын шаралары мен өзге де әдістерін бағалау;

4) жобаны, бағдарламаны және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасын іске асыру тиімділігін арттыру.

5. Жобаны, бағдарламаны және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасын мониторингтеу міндеттері:

1) қаржыландыру қаражатын жұмсаудың сәйкестігін, анықтығын, негізділігін және шартқа (-тарға) сәйкес тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу, орындау және/немесе жеткізу фактісінің мәліметтерін зерттеу;

2) жобаны, бағдарламаны және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасын одан әрі іске асыруға әсер ететін қатерлерді айқындау;

3) орындаушылардан жобаны, бағдарламаны және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасын іске асыру барысы туралы толық және дұрыс ақпарат алу және шешімдер қабылдау үшін тиісті ұсынымдар дайындау;

4) мониторинг қорытындылары бойынша ұсынымдар әзірлеу және оларды шешім қабылдау үшін ҰҒК-ға жіберу.

3-тарау. Мониторингке қатысушылардың функциялары, міндеттері мен құқықтары

6. Ұйымдастырушының міндеттері:

1) мониторингке қатысатын менеджерлер мен сараптама тобының тізімін қалыптастыру және бекіту;

2) мониторинг жүргізудің жоспары мен кестесін бекіту;

3) сарапшылардың дерекқорын қалыптастыру және өзектендіру;

4) жобаны, бағдарламаны және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасын орындаушылардың және сараптамалық топтың жұмысын үйлестіру;

5) сарапшылармен шарттар жасасуға және оларға ақы төлеуге, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген мониторинг жүргізу кезеңінде олардың орынға шығуына және тұруына байланысты шығыстарын өтеуге міндетті;

6) тиісті ҰҒК, уәкілетті органға және (немесе) салалық уәкілетті органға мониторинг нәтижелерін ұсыну;

7) сараптама тобының мүшелерін орынға шыққанға дейін бастапқы танысу мақсатында жобаларының, бағдарламаларының және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобаларының мониторинг материалдарымен таныстыру;

8) мониторинг жүргізу туралы бекітілген кестеге сәйкес жоспарланған іс-шаралар басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын орындаушыны хабардар ету;

9) жобаларды, бағдарламаларды және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобаларын мониторингтеу қорытындылары бойынша іске асыру барысының тиімділігі мен нәтижелілігіне талдау жүргізу;

10) ҒҒТҚН коммерцияландыру жобаларына мониторинг жүргізу кезінде маркетинг, менеджмент, жарнама, кәсіпкерлік және мониторинг бағытына сәйкес салада кемінде 5 (бес) жыл практикалық жұмыс тәжірибесі бар басқа да бағыттар саласындағы сарапшыларды тартуға жол береді.

7. Менеджердің міндеттері:

1) орындаушыны алдағы мониторинг туралы хабардар етеді;

2) ұйымдастырушының ақпараттық жүйесі арқылы сарапшыларды іріктеуді жүзеге асырады;

3) мониторинг бойынша жобалар, бағдарламалар және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобалары бойынша материалдарды сараптама тобының мүшелеріне алдын ала таныстыру үшін жібереді;

4) мониторинг жүргізуді ұйымдастырады, үйлестіреді және жүзеге асырады;

5) мониторинг жүргізудің жоспары мен кестесін әзірлейді;

6) бекітілген нысанға сәйкес мониторинг актісі нәтижелерінің дұрыс толтырылуын тексереді;

7) ақпараттық жүйе арқылы орындаушылардан алынатын іске асыру барысы туралы деректерді қадағалауды және оларды жоспарланған нәтижелермен салыстыруды, сондай-ақ жоба, бағдарлама және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасы бойынша жұмыстардың жоспарланған кезеңдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

8) ЭЦҚ арқылы немесе қағаз тасығышта мониторинг актісіне қол қояды және қажет болған жағдайда ақпараттық жүйеде жобаны, бағдарламаны және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасы бойынша мониторинг жүргізу барысын фото және бейнетіркеу жүргізе отырып, шешім қабылдау үшін тиісті ҰҒК-ға жібереді.

8. Ғылыми сарапшының функциялары:

1) жобаның, бағдарламаның және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасының іске асырылу барысын және нәтижелілігін (оларды орындау және/немесе аяқтау сатыларында) талдау;

2) жобаны, бағдарламаны және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасын іске асыру барысына және күтілетін нәтижелеріне әсер ететін тәуекелдерді айқындау;

3) жобаны, бағдарламаны және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасын іске асырудан күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау;

4) жобаны, бағдарламаны және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасын іске асырудың әлеуметтік-экономикалық әсерін бағалау;

5) ғылыми, ғылыми-техникалық жобалардың, бағдарламалар мен ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасының мақсаттарына қол жеткізу мүмкіндіктерін жоспарланатын операциялар арқылы, болжамды еңбек шығындарының қажеттілігі мен жеткіліктілігін бағалау.

9. Экономикалық сарапшының функциялары:

1) орындалған қызметтердің (жұмыстардың) сәйкестігін және шығыстар сметасына сәйкес және шартқа(-тарға) сәйкес қабылданған міндеттемелер бойынша қаржыландыру қаражатын жұмсау негізділігін талдау;

2) жобаны, бағдарламаны және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасын іске асыруға жұмсалатын шығындардың тиімділігін бағалау.

10. Сараптама тобының міндеттері:

1) мониторинг жүргізу кезінде осы ереженің талаптарын сақтау;

2) сараптама тобы мүшесінің қызметтер көрсетуі туралы жасалған шартқа сәйкес қызметтер көрсету;

3) осы ереженің белгіленген мерзімінде мониторинг жүргізу;

4) мониторинг актісіне ЭЦҚ немесе қолмен қағаз жеткізгіште қол қою;

5) «мүдделер қақтығысы» және «үлестес» болу фактісі анықталған сәттен бастап 1 (бір) күннен кешіктірмей бұл туралы менеджерге хабарлауға

және жазбаша хабарлама негізінде мониторинг жүргізуден, оның ішінде орынға барудан бас тартуға құқылы;

6) мониторинг жүргізу барысында алынған материалдар мен құжаттарды үшінші тұлғаларға бермеуге, сондай-ақ олардың мазмұны туралы ақпаратты жария етпеуге міндетті;

7) ғылыми этиканың қағидаттары мен нормаларын сақтауға міндетті;

8) орынға барғанға дейін менеджер алдын ала ұсынған мониторинг объектісі жөніндегі құжаттарды оқып біледі (жобаның мақсаттарын, зерттеу жоспарын, негізгі кезеңдерін, бюджетті, алынған және күтілетін нәтижелерді қоса алғанда, материалдарға шолу жүргізеді);

9) жобаны, бағдарламаны және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасын іске асыруға байланысты емес құжаттар мен ақпаратты ұсынуды талап етуге құқығы жоқ.

11. Орындаушының міндеттері:

1) мониторинг жүргізу кезінде сараптама тобы сұратқан құжаттар мен қосымша материалдарды ұсынуға;

2) объективті, толық және анық мәліметтер беруге;

3) мониторинг жүргізу кезеңінде жоба, бағдарлама және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасы бойынша барлық жауапты тұлғалардың (ғылыми жетекшінің немесе ол болмаған жағдайда ол уәкілеттік берген тұлғаның, негізгі орындаушылардың) қатысуын қамтамасыз етуге;

4) мониторинг жүргізу кезінде сараптамалық топ мүшелерінің жобаны, бағдарламаны және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасын іске асыру орнына кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

5) мониторинг жүргізу уақытында сараптама тобының жұмысы үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстармен (бөлінген бөлме, ұйымдастыру техникасы, интернет және басқалар) қамтамасыз етуге міндетті;

6) жобаны, бағдарламаны және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасын іске асыру барысында құқық қорғау және өзге де уәкілетті мемлекеттік органдар анықтаған орындаушының немесе оның қызметкерлерінің қызметіндегі бұзушылықтар фактілері туралы ақпаратты, белгілі болған сәтте беруге;

7) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің іске асырылу барысы мен нәтижелері туралы ақпаратты бұрмаламауға;

8) зияткерлік меншік құқықтарын бұзуға немесе басқа тұлғалардың ғылыми-зерттеу қызметіне өзге де залал келтіруге әкеп соғатын әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасамауға;

9) ғылыми этика нормаларын, биоэтика нормаларын сақтауға (адамдар мен жануарларға биомедициналық зерттеулер үшін);

10) мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу бойынша шаралар қабылдауға міндетті;

11) ұйымдастырушының ҒҒТҚН-ның жобасын, бағдарламасын және коммерцияландыру жобасын іске асыруға байланысты ақпараттық жүйесіне өзекті деректерді, оның ішінде күнтізбелік жоспар мен шығыстар сметасына өзгерістер енгізуге.

12. Менеджердің құқықтары:

1) жобаны, бағдарламаны және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасын іске асыру шеңберінде мониторингті жүзеге асыру үшін қажетті деректер мен құжаттарды орындаушыдан сұратуға;

2) шарттық талаптарды орындамайтын не үлестестік немесе мүдделер қақтығысы фактісі анықталған кезде сараптама тобының мүшелерін ауыстыруды жүзеге асыруға.

13. Сараптама тобының құқықтары:

1) мониторингті жүзеге асыру үшін орындаушыдан жобаны, бағдарламаны және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасы бойынша қажетті деректер мен құжаттарды сұратуға;

2) ерекше пікір болған кезде сарапшының аты-жөнін (болған кезде) және мониторинг актісінің тиісті бөлімдері мен тармақтарына сілтемелерді көрсете отырып, оның жеке құжатымен еркін нысанда ресімдеуге.

14. Орындаушының құқықтары:

1) мониторинг жүргізу кезінде сараптама тобында туындаған қандай да бір мәселелер бойынша түсініктемелер беруге;

2) мониторинг актісімен танысуға;

3) егер мониторинг актісінде көрсетілген сараптама тобының қорытындысына қарсылықтар болған жағдайда, мониторинг аяқталғаннан кейін 1 жұмыс күні ішінде ұйымдастырушыға түсіндірмемен пікір ұсынуға.

4-тарау. Мониторинг жүргізу тәртібі

15. Мониторинг жобаларды, бағдарламаларды және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобаларын іске асыру жылдары бойынша, сондай-ақ конкурс шеңберінде және конкурстық рәсімдерден тыс бағдарламалар бойынша жыл сайын жүргізіледі, бұл ретте іске асырудың бірінші жылының мониторингі шарт жасалған күннен бастап 3 (үш) ай өткен соң жүргізіледі.

16. Ұйымдастырушының шешімі мониторингті жүзеге асыру үшін негіз болып табылады.

17. Мониторинг жобалар, бағдарламалар және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобалары, сондай-ақ конкурс шеңберінде және бәсекелес рәсімдерден тыс бағдарламалар бойынша, ұйымдастырушының бекітілген мониторинг жоспары мен кестесіне сәйкес жергілікті жерге барып жүзеге асырылады.

Қажет болған жағдайда мониторинг субъектіге (объектіге) бармай жүзеге асырылады.

18. Ұйымдастырушы орындаушыны алдағы мониторинг туралы мониторинг жүргізу басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын хабардар етеді.

19. Мониторингті жүзеге асыратын сараптамалық топтың құрамында:

1) менеджер;

2) ғылыми сарапшы(лар) және (немесе) шетелдік сарапшы(лар);

3) экономикалық сарапшы.

20. Мониторинг процесінде күнтізбелік жоспарда және шарттың шығыстар сметасында бекітілген іс-шаралардың іске асырылу барысының сәйкестігіне тексеру жүргізіледі.

Мониторинг нәтижелері бойынша сараптамалық топ 1-қосымшаға сәйкес ғылыми, ғылыми – техникалық жобалар мен бағдарламалардың іске асырылу барысы мен нәтижелілігінің мониторинг актісін және осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес ҒҒТҚН коммерцияландыру жобасының іске асырылу барысы мен нәтижелілігінің мониторинг актісін (бұдан әрі-1 және 2-қосымшалар) қалыптастырады.

21.1 және (немесе) 2-қосымшаларға сараптама тобының барлық мүшелері қол қояды және орындаушыға (ұйымның бірінші басшысы не оны алмастыратын тұлға, ғылыми жетекші немесе бірлесіп орындаушы, бухгалтер) қол қоюға (қағаз немесе электрондық қолтаңбамен) беріледі.

22. Орындаушы мониторинг актісіне қол қоюдан бас тартқан және (немесе) құжаттар мен қосымша материалдарды ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ жобаның, бағдарламаның және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобаның іске асыру орнына сараптама тобының мүшелерін жіберуге кедергі болған кезде, бұл факт мониторинг актісінде тіркеледі және сараптама тобының мүшелері мониторинг актісіне қаржыландыруды тоқтату туралы ұсыным енгізеді.

23. Күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге теріс әсер ететін күнтізбелік жоспар мен шығыстар сметасы бойынша міндеттемелерді орындау бөлігінде шарт талаптарының бұзылуы анықталған жағдайда, сараптама тобының мүшелері мониторинг актісіне қаржыландыруды тоқтату туралы ұсыным енгізеді.

24. Сараптама тобының ұсынымдарымен бірге мониторинг актілері қарау және шешім қабылдау үшін тиісті ҰҒК жіберіледі.

25. Мониторингті жүзеге асыру мерзімі сараптама тобының орындаушыға келген күннен басталады және 3 жұмыс күнінен аспайды. Объектілердің ерекшеліктеріне (көлеміне) байланысты мониторингті жүзеге асыру мерзімі күнтізбелік 30 күнге дейін ұзартылуы мүмкін.

Мониторингті жүзеге асыру мерзімі менеджердің жазбаша өтініші бойынша орындаушыны міндетті түрде хабардар ете отырып, ұйымдастырушының шешімімен ұзартылады.

26. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын жобаларға, бағдарламаларға және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобаларына мониторингті жүзеге асыру кезінде, мониторингке қатысушылар мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

5-тарау. Үлестес тұлғалар және мүдделер қақтығысы

27. Осы ережеге сәйкес үлестес тұлғаларға мыналар жатады:

1) сараптама тобы мүшелерінің жақын туыстары – ата-аналары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алынғандар, аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері, жұбайы немесе зайыбы;

2) ғылыми немесе экономикалық сарапшылар еңбек қатынастарында немесе олардан қаржылық немесе өзге де ресурстар алуды көздейтін өзге де қатынастарда болатын ұйымдардың қызметкерлері жатады;

3) соңғы 5 (бес) жыл ішінде тең авторлықты қоса алғанда, жұмыс авторымен бірлескен жарияланымдардың болуы, өтінім дайындау, зерттеу нәтижелері бойынша бірлескен жарияланымдарды жоспарлау және осы нәтижелерді қолдану кезінде тікелей қатысу қағидаттарына негізделеді;

4) сараптама тобы мүшесінің басшылығымен диссертация қорғаған жобаны орындаушы немесе орындаушының басшылығымен диссертация қорғаған сараптама тобының мүшесі.

28. Мүдделер қақтығысы келесі жағдайларда туындайды:

1) объектіні мақұлдау немесе қабылдау нәтижесінде жеке және қаржылық мүдделіліктің болуы;

2) жобалар, бағдарламалар және ҒҒТҚН коммерцияландыру жобаларын орындаушыға тікелей басшылық жасау, соңғы 5 (бес) жыл ішінде оның қарамағында болу немесе оған консультациялық қызметтер көрсету.

Ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларының олардың орындалуы мен аяқталу сатыларында іске асырылуына мониторинг жүргізу және оның қорытындыларын ұлттық ғылыми кеңестерге жіберу Ережесіне 1-қосымша

**Ғылыми, ғылыми-техникалық жобалардың,
бағдарламалардың іске асырылу барысы мен нәтижелілігінің
МОНИТОРИНГ АКТІСІ**

« ___ » _____ 202_ ж.

Қ.

1. Жалпы ақпарат

1	Жобаның/бағдарламаның нөмірі	
2	Жобаның/бағдарламаның атауы	
3	Басым бағыт	
4	Орындаушы	
5	Тапсырыс беруші	
6	Жобаның/бағдарламаның ғылыми жетекшісі (ағы-жөні, лауазымы)	
7	Шарттың тіркеу нөмірі және күні	
8	Орындаушының нақты мекенжайы	
9	Қаржыландырудың жалпы көлемі	
10	Жылдар бойынша қаржыландыру сомасы	
11	Мониторинг жүргізу орны (орындары)	
12	Мониторинг жүргізу кезеңі	
13	Есеп беру кезеңіндегі мониторинг (жыл)	
14	Жобаның/бағдарламаның ғылыми жетекшісінің	

	байланыс деректері
--	--------------------

2. Ғылыми бөлім бойынша жобаның іске асырылу барысына мониторинг

	Мониторинг көрсеткіштері	Ғылыми бөлім бойынша түсініктемелер	Мәселелер және оларды шешудің мүмкін жолдары
1	Жүргізіліп жатқан (аяқталған) іс-шаралардың жоспарланған күнтізбелік жоспарға және шарттардың техникалық сипаттамаларына сәйкестігі		
2	Алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу дәрежесі және қол жеткізілген нәтижелердің шарттардың күнтізбелік жоспары мен техникалық сипаттамасына сәйкестігі		
3	Ғылыми зерттеулерді жүзеге асырудағы қолданбалы әдіснаманың сапасын бағалау		
4	Алынған нәтижелер, олардың дұрыстығы		
5	Ғылыми этика нормаларын сақтау		
6	Қаржыландыру көлемі жобаның/бағдарламаның қойылған міндеттеріне сәйкестігі		
7	Қажетті материалдық-техникалық базаның, оның ішінде зерттеу жабдықтары мен аспаптарының болуы		
8	Жобаны іске асырудың әлеуметтік-экономикалық әсерлерін бағалау		
9	Жобаны одан әрі іске асыруға әсер ететін қатерлерді айқындау		
10	Жүргізіліп жатқан (аяқталған) жұмыстардың сапасы		
	Сарапшының тұжырымдары мен ұсыныстары (Сараптамалық қорытынды)		

3. Шығындардың негізділігін бағалау үшін жобаның/бағдарламаның іске асырылу барысына мониторинг

№	Шығындар бабының атауы	Жобаның/бағдарламаның сметасы бойынша (өтінім бойынша) сома	ҰҒК мақұлдаған сома	Нақты жұмсалған сома	Ауытқу (3 б. – 4 б.)	Рақайтқын құжаттардың атауы	Ескертпе
	1	2	3	4	5	6	7
1	Еңбекақы төлеу						
2	Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер						
3	Ғылыми іссапарлар						
4	Үшінші тарап ұйымдардың қызметтері						
5	Материалдарды сатып алу						
6	Жабдықтар мен бағдарламалық жасақтарды сатып алу (занды тұлғалар үшін)						
7	Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу						
8	Үй-жайларды жалдау (жеке тұлғалар үшін)						
9	Жабдықтар мен техниканы жалға алу						
10	Зерттеулерді іске асыру үшін пайдаланылатын						

	жабдықтар мен техниканың пайдалану шығындары								
11	Өзге шығыстар								
	БАР ЛЫҒЫ								
	Сарапшының тұжырымдары мен ұсыныстары (Сараптамалық қорытынды)								

ҚОРЫТЫНДЫЛАР (Сарапшылар тобының қорытындысы):

Ескерту:

1. Қаржыландыру қаражатын негізсіз жұмсау анықталған жағдайда, сарапшы растайтын құжаттардың көшірмелерін мониторинг актісіне қоса беріп, өтінімде көзделмеген өзге шығыстар (сметалық шығыстар) бойынша таратып жазу мен негіздемені қоса беруі қажет.
2. Шет тілінде растайтын құжаттар болған жағдайда, құжаттың мемлекеттік және (немесе) орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасын қоса беру қажет.
3. Қажет болған жағдайда, сараптама тобы мониторинг актісіне ФОТО, ВИДЕО материалдарын қоса бере отырып, жобаның орындалу нәтижелері: мониторингтің күні, сараптамалық топтың құрамы, мониторингтің орны, жоба нөмірі, жобаның атауы, басым бағыт, жобаны орындаушы, жобаның ғылыми жетекшісі, есеп беру кезеңіндегі мониторинг және басқа да қажетті мәліметтер.
4. Ұсынылған мәліметтердің дұрыстығы үшін орындаушы заңнамада белгіленген тәртіппен жауапты болады.

Уәкілетті тұлға/Жобаны орындаушы:

Аты-жөні _____ қолы _____

Ғылыми жетекші
Аты-жөні _____ ҚОЛЫ _____

М.О. _____ (заңды тұлғалар үшін)

Мониторингтік топтың мүшелері:

1. Менеджер: аты-жөні _____ ҚОЛЫ _____
2. Ғылыми сарапшы: аты-жөні _____ ҚОЛЫ _____
3. Экономикалық сарапшы: аты-жөні _____ ҚОЛЫ _____

Ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламалардың, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларының олардың орындалуы мен аяқталу

сатыларында іске асырылуына мониторинг жүргізу және оның қорытындыларын ұлттық ғылыми кенестерге жіберу Ережесіне 2-қосымша

**Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін
коммерцияландыру жобаларын іске асырылу барысы мен нәтижелілігінің
МОНИТОРИНГ АКТІСІ**

« ___ » _____ 202_

ж. _____ к.

1. Жалпы ақпарат

1	Жоба нөмірі	
2	Жобаның Атауы	
3	Басым бағыт	
4	Орындаушы	
5	Тапсырыс беруші	
6	Жекеше әріптестің атауы (бар болса)	
7	Жобаның ғылыми жетекшісі, лауазымы	
8	Шарттың тіркеу нөмірі және күні	
9	Орындаушының нақты мекенжайы	
10	Қаржыландырудың жалпы сомасы, оның ішінде жылдар бойынша	
11	Қоса қаржыландырудың жалпы сомасы, оның ішінде жылдар бойынша	
12	Мониторинг жүргізу орны (орындары)	
13	Мониторинг жүргізу күні	
14	Есепті кезең үшін мониторинг (ай, жыл)	
15	Жоба ғылыми жетекшісінің және жекеше әріптестің байланыс деректері	

2. Күнтізбелік жоспарға сәйкес іс-шаралардың орындалу мониторингі

№	Күнтізбелік жоспар бойынша іс-шаралар	Мониторинг нәтижесі
1.		
2.		
3.		
4.		

3. Жабдықтың болуын және талаптарға сәйкестігін тексеру

№	Жабдықтар тізімі	Мониторинг нәтижесі (жағдайы, орналасқан жері, қаржылық құжаттардың түпнұсқаларының болуы, паспорттың болуы, кепілдік берілген сервистік қызмет көрсетудің болуы)
1		
2		
3		
4		

4. Технологиялық бөлік бойынша жобаның іске асырылу барысына мониторинг

№	Мониторинг көрсеткіштері	Технологиялық бөлім бойынша сарапшының түсініктемелері	Мәселелер және оларды шешудің мүмкін жолдары
1	Өткізілетін (аяқталған) іс-шаралардың жоспарланған күнтізбелік жоспарға және шарттардың техникалық сипаттамаларына сәйкестігі		
2	Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу дәрежесі және қол жеткізілген нәтижелердің күнтізбелік жоспарға және шарттардың техникалық ерекшелігіне сәйкестігі		
3	Технологиялық зерттеулерді іске асыру кезінде қолданылатын әдіснаманың сапасын бағалау		
4	Алынған нәтижелер, олардың дұрыстығы		
5	Ғылыми этика нормаларын сақтау		

6	Қаржыландыру көлемі жобаның қойылған міндеттеріне сәйкестігі						
7	Бекітілген шығындар сметасына сәйкес қажетті материалдық-техникалық базаның болуы (ғылыми-зерттеу жабдықтары, аспаптар және т.б.)						
8	Жобаны іске асырудың әлеуметтік-экономикалық әсерлерін бағалау						
9	Жобаны одан әрі іске асыруға әсер ететін факторларды айқындау						
10	Жүргізілетін (аяқталған) жұмыстардың сапасы						
	Сарапшының тұжырымдары мен ұсыныстары (Сараптамалық қорытынды)						

5. Шығындардың негізділігін бағалау бойынша жобаның іске асырылу барысына мониторинг

№	Шығындар бабының атауы	Жобаның сметасы бойынша (өтінім бойынша) сома	ҰҒК мақұлдаған сома	Нақты жұмсалған сома	Ауытқу (3 б. – 4 б.)	Растайтын құжаттардың атауы	Ескерте
	1	2	3	4	5	6	7
1	Еңбекақы төлеу						
2	Қызметтік іссапарлар						
3	Үшінші тарап ұйымдардың қызметтері						
4	Материалдарды сатып алу						
5	Жабдықтар мен (немесе) бағдарламалық жасақтарды сатып алу (заңды тұлғалар үшін)						
6	Үй-жайларды, өндірістік үй-жайларды жалдау						
7	Жабдықтар мен техниканы жалға алу						

8	Зерттеулер жүргізу үшін қолданылатын жабдық пен техниканың пайдалану шығындары												
9	Өнімді және (немесе) көрсетілетін қызметті нарыққа жылжыту бойынша шығындар												
10	Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер												
11	Операциялық шығыстар												
12	Зияткерлік меншікті қорғау												
13	Қосымша қаржыландырылатын басқа шығындар												
14	Басқа шығыстар												
БАРЛЫҒЫ													
Сарапшының тұжырымдары мен ұсыныстары (Сараптамалық қорытынды)													

6. Жобаны іске асыру тиімділігін талдау бойынша есеп

№	Өлшемнің атауы	Өлшеу бірлігі	Жобаны іске асырудың басындағы көрсеткіштер	Жобаны іске асыру кезеңі					
				1 жыл		2 жыл		3 жыл	
				жоспар	нақты	жоспар	нақты	жоспар	нақты
1	Жұмыс орындарының саны	орын							
2	Өндірілетін өнім (көрсетілетін қызметтер) түрлерінің саны	саны							
3	Шығарылатын өнім көлемі	теңге							

4	Сатылатын өнімнің (көрсетілетін қызметтердің) көлемі	Барлығы	теңге						
		Ішкі нарыққа							
5		Экспортқа	теңге						
		Барлығы							
6	Енгізілген өнімдер саны	Республикалық бюджетке	дана						
7	Өнімдердегі, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі қазақстандық қамту үлесі		%						
8	Қорғау құжаты		дана						
9	Лицензиялық келісім		дана						
	Ғалымдарға төлем (роялти, авторлық сыйақы және т. б.)		теңге						
Сарапшының тұжырымдары мен ұсыныстары (Сараптамалық қорытынды)									

ҚОРЫТЫНДЫЛАР (Сараптамалық қорытынды):

Ескерту:

1. Қаржыландыру қаражатын негізсіз жұмсау анықталған жағдайда, сарапшы растайтын құжаттардың көшірмелерін мониторинг актісіне қоса беріп, өтінімде көзделмеген өзге шығыстар (сметалық шығыстар) бойынша таратып жазу мен негіздемені қоса беруі қажет).
2. Шет тілінде растайтын құжаттар болған жағдайда, құжаттың мемлекеттік және (немесе) орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасын қоса беру қажет.
3. Қажет болған жағдайда, сараптама тобы мониторинг актісіне жобаның орындалу нәтижелерінің ФОТО, ВИДЕО материалдарын қоса бере отырып: мониторингтің күні, сараптамалық топтың құрамы, мониторингтің орны, жоба нөмірі, жобаның атауы, басым бағыт, жобаны орындаушы, жобаның ғылыми жетекшісі, есеп беру кезеңіндегі мониторинг және басқа да қажетті мәліметтер көрсетуі мүмкін.
4. Ұсынылған мәліметтердің дұрыстығы үшін орындаушы заңнамада белгіленген тәртіппен жауапты болады.

Уәкілетті тұлға/Жобаны орындаушы:

Аты-жөні _____ ҚОЛЫ _____

Ғылыми жетекші

Аты-жөні _____ ҚОЛЫ _____
М.О. _____ (заңды тұлғалар үшін)

Мониторингтік топтың мүшелері:

1. Менеджер: аты-жөні _____ ҚОЛЫ _____
2. Экономикалық сарапшы 1: аты-жөні _____ ҚОЛЫ _____
3. Экономикалық сарапшы 2: аты-жөні _____ ҚОЛЫ _____
4. Ғылыми сарапшы: аты-жөні _____ ҚОЛЫ _____